

қалдырылды. Москва үшін түркістандықтар арасында түсініспеушіліктердің көп болуы тиімді еді. Шұрайлы жерлер алынып қана қоймай, ендігі жерде жер асты байлықтары көз тіге бастады. Түркістан жерінің түрлі элементтерге бай өлке болғандықтан, жер асты байлықтарына ғылыми барлау жасалды. Орыс ғалымдары, одан қалса еуропа ғалымдарының қызығушылықтары оянды. Жинақталған мәліметтер бойынша, Түркістан уалаятында сынап, бақыр, күміс, қорғасын, күкірт, ашутас, мұнай бар екендігін көрсетті. Түркістанда бірнеше кендер болды, өкініштісі осы қазынаның тұрандықтардың игілігіне емес, россия пайдасы үшін жер астынан қазылып, бей - берекет қолданылды. Жер мәселесі туралы «Яш Түркістан» журналында сөз қозғай отырып, қоғамдық пікір туғызу арқылы қоғамдық санаға әсер ету болатын.

«Яш Түркістан» журналы уақыт өте келе бүкіл Түркістанның жоғын жоқтайтын жалғыз ұлттық басылымға айналды. Олай дейтініміз қиын - қыстау кезеңдерде «Яш Түркістан» журналы Түркістанның тәуелсіздігі туралы сөз қозғай білді. «Яш Түркістанның» барлығы 117 нөмірі жарық көрді, ол – жастарымызды ұлттық рухта тәрбиелеуде баға жетпес қазына. Журнал 1939 жылы қыркүйек айында Германияның Польшаны жаулап алуына және II дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты өз жұмысын тоқтатады. Басылым, шын мәнінде, ұлттық қозғалыстың жаршысына айналып, қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік халықтарының болашағы үшін ғаламат жұмыс істеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Д. Қыдырәлі Мұстафа. - Астана: Деловой Мир Астана, 2012. - 276 б.
2. Көшім Есмағамбетов «Яш Түркістан» журналы тәуелсіздік жаршысы//«Ана тілі» ұлт газеті. - Нұр -Сұлтан, 2009.
3. Бахыт Исаиновна Мустафа Чокай в эмиграции. - Алматы: Мектеп, 2011. - 247 с.
4. Сақ Қайрат Алаш көсемсөзі: жер мәселесі. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. - 395 б.

УДК398.215

ЖАУГЕРШІЛІК ЗАМАНДАҒЫ КИІМ-КЕШЕККЕ ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКА

Калиева Шолпан Есенжолқызы

sholpan_kaliyeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Түркітану мамандығының магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ескеева М.

Ерте және орта ғасырлардағы көшпелілердің өмірінде әскери өнер өте маңызды орын алған. Өз еркіндігін жоғары бағалаған көшпелі халықтар теңдесіз әскери жүйені құрушылар болды. Соның нәтижесінде, ұзақ жылдар бойы Ұлы даланың шекарасынан тыс жерлерде де қарсыластарынан әскери-саяси тұрғыда үстем болды, ұлан-ғайыр аумақты қамтитын қасиетті жер-судың тұтастығын қамтамасыз ете алды. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыздың өміріндегі әскери өнер халқымыздың заттық және рухани мәдениетінде де көрініс тапты.

Алайда түркі тілдерінің көбінде әскери лексика қолданыстан шығып, көнерген сөздердің қатарына енуде. Сан ғасырлар бойы түркілер әскери терминдерді өз сөздік қорынан алып отырған. Бұйрықтар мен белгілер де өз тілінде беріліп отырған, тек ортақ әскер пайда болып, мемлекеттер Кеңес Одағының құрамына кіргеннен бастап әскери қарым-қатынас тілі орыс тілі болды.

Әскери лексиканы зерттеудің актуалдылығы оны құрайтын сөздердің пассивті қолданысқа айналып, халықтың сол сөздерге қатысты танымымен қатар ұмытылып, олардың

тарихи сөздерге айналып бара жатқандығымен байланысты. Осыған орай аталмыш алаңдағы лексикалық бірліктерді жинақтап, жүйелеу, оған тарихи-этимологиялық талдау жасау, қазіргі тілдегі семантикалық-құрылымдық ерекшеліктеріне баға беру актуалдылыққа ие болады.

Түркі тілдерінің әскери лексикасы тек жақында ғана ғалымдардың зерттеу объектісіне айнала бастады. Аталмыш лексикаға қатысты қазақ, қырғыз, әзірбайжан, өзбек, түркмен, түрік тілдерінде бірқатар монографиялық зерттеулер бар.

Түркітану ғылымында әскери лексика тақырыбында жазылған жүйелі еңбектердің қатарына В.А. Горделевский, Ч. Гараджаева, Р.Т. Сафаровтың т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Отандық ғалымдардан Т.Б. Байжанов әскери лексикаға қатысты еңбегінде тек қазақ тілінде кездесетін әскери терминдерді атап қана қоймай, ертедегі Орхон ескерткіштерінен бастап, ХІХ ғасырға дейінгі дамуын талдайды. Ғалым салыстырмалы-тарихи әдісті пайдаланып, қазақ тіліндегі әскери лексиканы басқа түркі тілдерімен салыстырып, зерттейді. Т.Б. Байжанов әскери лексиканың пайда болуының тарихи аспектілеріне басты назар аударып, қытай тілінен енген кірме сөздерге басты назар қояды [1].

Түркі жауынгерлерінің қорғаныс сауыт-саймандары мен жарақтарының көп түрлері болған: сауыт, дулыға, қалқан, түрлі жауынгерлік белдіктер, т.б.

Ең қарапайым сауыт түрлерінің өзі былғарыдан тігілген. Қарапайым нұсқада мұндай сауыт қалың (бірнеше қабатта) иленген былғарыдан жасалған. Архаикалық жоғары сапалы әскери киім болса, мақтаның бірнеше қабаттарынан және киізден жасалған. Жебенің бір қабатта тұрып қалуы үшін әрбір қабат бүктелген. Тарихи-этнографиялық дереккөздерден б.з. д. ІІ ғасырдан бастап б. з. V ғ. дейінгі көшпелі-жауынгерлер жұмсақ, еркін сыртқы киіммен қорғаныс белгілі. Кейде ол темір немесе сүйек қалпақтары бар белдік, қола қол кісендері мен киіз астары бар темір таяқшалары сияқты бөлшектермен толықтырылған [2].

Әскери киім түрік тілінде *саруут* деп аталады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде бұл сөз "шынтақ таяйтын жастық, едендегі төсеніш" (ДТС, 135) деген мағына береді. Л.С. Левитская *саруут* сөзі сар- "ұру (жүн, мақта); жабу" + ежелгі өнімсіз аффикс -уит әрекетті білдіретін сөзден құралған дейді.

М. Ряснен болса көнетүркілік саруут сөзін османлы түрікшесіндегі *sarut* "шүберек, жыртқы киім" деген сөзбен байланыстырған.

Саруут уақыт өте келе оғыз, қарлұқ және қыпшақ топтары тілдерінде "мақтаның қалың қабаты бар ерлердің киімі" мағынасында қолданылады.

Уақыт өте келе бұл сөз бірқатар түркі тілдерінде әскери мағынаға ие болады: түр. *sarut*, түркі. *cabut*, өзб. *cağbut / cağwut* № қаз. *soqyut* (PQ ~ qр метатезасы), қырғ. *soqut*, ққалп. *soqyut* "жоғарғы әскери киім".

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері бойынша белгілі сыртқы әскери киімнің басқа атауы - *јауақ / јағақ* [3, 33 б.].

Бастапқы мәні *јауақ* - "өңделген, тазартылған тері (жүннен)"; ол жалпы түрік: түркі., қырғ., ққалп., алт., тув. "кылсыз тері" мәнінен —► ұйғыр, қырғыз және чуваш тілдеріндегі "жұқа төсеніш" мәніне ауысқан.

Уақыт өте келе дайындау материалының атауы осы материалдан жасалған бұйымның атауына ауысады: *јауақ* теріден жасалған сыртқы киімді білдіретін болады.

Јауақ әскери лексикаға көшкен кезде, мәннің таралу аймағы қайта кеңейеді: түркм., ұйғ., кум., тат., башқ. *јауақ*; өзб., қаз., ққалп. *зауақ* \ қырғ. *јауақ*, "әскери киім, қорғаныс сауыты" мағынасында қолданыс табады.

Мақталы және былғары сауыт түрлерінің кеңеюі темір пластиналардың немесе сақиналардың (сақиналы сауыт) қатарлап тігілген немесе жапсырылған қорғаныс киімі - жейделердің немесе күртешелердің пайда болуына әкелді. Археологиялық қазбаларда табылғандай, түркі жауынгері мойыннан санға дейін темір немесе сақиналы сауыт киген.

Ең көне, сондай-ақ арзаны - бұл тұтас темірден жасалған сауыт. Кейінірек сақиналы сауыт пайда болады. Сақиналы сауыт ерте пайда болады (қола дәуірінде), бірақ дайындау күрделілігіне байланысты жаппай пайдалану тек ІХ ғасырдан басталады.

Түркі жазба ескерткіштерінде және қазіргі түркі тілдеріндегі атаулар негізінде талдайтын болсақ, сақиналы немесе тұтас темірден жасалған сауыт сыртқы түріне, дайындау материалына, функцияларына ұқсастықтың арқасында өзара алмастырылады.

Туыстас қазақ, қырғыз, башқұрт тілдерінде "сауыт" мағынасында *badana* атауы қолданылады. КТС-те *badán* сөзі араб тілінен енген, «дене» мағынасын білдіретін сөз деп беріледі. Сонымен қатар сол сөздікте Оғыз қаған туралы аңыздан мысал келтіріледі: *Bádáninuij qamayi tük tülüglüg erdi* «Оның денесі түгел түкпен қапталған» (ДТС, 90).

Араб тілінен енген [*badan*] иран тілдерінде де "дене" мағынасында қолданыс тапқан, бірақ парсы тілінде бұл сөз сонымен бірге "сауыт" мағынасына ие болады. Бұл жағдайда заттың атауының пайда болуы сол заттың бастапқы функциясы мен мақсатымен байланысты деуге болады. Яғни сауыттың мақсаты – оны киіп, денені қорғауда.

Қазіргі башқұрт, қазақ және қырғыз тілдерінде *badan* кірме сөз болып есептеледі. Бірақ бұл сөз екінші, әскери мағынасында қолданылады, ал алғашқы «дене» мағынасы архаизмдер қатарына енген.

Қазақ және қырғыз эпосында сауыттың бір түрі *kireuke / küró:kó* деп аталады. Бұл сөзге "Хан немесе сұлтанның аудиенциясына құрметті қонақтар киген, алтын түсті жібек матадан тігілген, жиегі өрнектелген шапан" анықтамасы берілген [4, 123 б.].

Ол сондай-ақ алтай тілдерінде "кайма", *kureele* "жиектеу", "киімдегі кесте" деген мағынаға ие. Бұл жағдайда шапан мен сауыт атауына олардың сыртқы түрі, дайындау және әшекейлеу тәсілі: жиектің, киімдегі домалақ оюлардың болуы және сауыттағы тоқылған өрнектермен байланысты болып отыр.

Әр қорғаныс киімдерінің ішінде ең бастысы кеудені, арқаны, ішті жауып тұратындары болған. Бірақ батырдың бас, мойын, қолдары да садақ пен суық қарудан қорғанысты қажет еткен.

Таяу Шығыс пен Орта Азияда бас киімнің ең көп қолданыс тапқан түрлері темір бас киімдер болған.

Қараханид жазба ескерткіштерінде бас киімді мағынасын беретін *asuq* және *jasyu / jasyq* сөздері қолданылған.

Ал Хорезм әдеби тілінде, шағатай тілінде *dubulya / duvulya* сөздері қолданылған.

Қазіргі түркі тілдерінде де бұл сөз: түркм. *tuvulya*, өз. *dabilga*, өзб. *dubulya*, қаз., *dulyga*, қырғ. *tuilya* түрінде кездеседі.

Батырдың ең басты қорғаныс құралдарының бірі – қалқан. ҚӘТС-де бұл сөзге төмендегідей анықтама берілген:

Қалқан – батырдың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы (ҚӘТС, 9, 142).

Қалқандар ұзақтан оқ ату арқылы соғысуды әдетке айналдырған атты көшпелілердің көп қолданған қаруы ретінде қарастырылмайды. Себебі майдан соғысына үйренген және ұзақтан оқ атқан түрік әскері үшін ауыр және кең қалқандарды қолдану жақсы нәтиже беретін тәсілге жатпаған. Түрік ғалымы Бахеттин Өгел бұған дәлел ретінде бір мысал келтіреді. Батыс Түркістанда мемлекет құрған Чичи ханның үлкен қалқандар тасыған жаяу әскері айқасқа шығады. Бұл стратегияның қателігін түсінген қытайларқаланы қоршап алғанда түркі әскерлері белгілі бір ретпен шығады, алайда шамалы уақыт өткеннен кейін жеңіліс табады. Қалқанды қана атсыз, жаяу соғыстарда, бетпе-бет шығып соғысқан кезде қолданылғандығын байқаймыз [5,77 б.].

Ертеде қалқандар темірден, мыстан, қамыстан, жіптен, ағаш қабығы сияқты қатты заттардан жасалып, пішімдері домалақ, тік төртбұрыш, майысқан немесе түзу болып жасалған. Беті сәнделген, безерленген қалқандардың екі жағы терімен қапталып, кішірек болғандығы белгілі. Соғыс қаруының атын білдіретін *қалқан* сөзі бірқатар түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Мысалға алатын болсақ, «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінде тіркелген *kalkan/kalkang* лексемасы қазақ тіліндегі *қалқан* сөзімен бір мағынада қолданылғанын байқаймыз. Алайда еңбекте қалқанның түр-пішіміне қатысты ешқандай ақпарат кездеспейді. Тек қана соғыста дұшпаннан қорғану үшін қолданылған құралдың

атауы *tura kalkan* деп берілген. «Құтты білік» еңбегінде *қалқан* сөзімен қатар *tura* сөзі қатар кездеседі. Қалқан сөзі кездесетін жолдарда тек бір мағынасы ғана тура мағынада, яғни қару мағынасында қолданылады. Ол жолдарда дұшпанға қарсы кішіреймеу керектігі жайлы, қолыңда қару болса да, қалқан алып дайындалу қажеттігі насихатталады.

«Древнетюркский словарь» еңбегінде бұл сөздің 2 фонетикалық нұсқасы беріледі: *qalqan* және *qalqan* (ДТС, 413). Ғалым Сафаров Р.Т. қалқан сөзінің түркі тілдеріндегі мағыналарын салыстыра келе, басым көпшілігі «жабу, қорғау» деген мағынаны білдіретіндігін айтады [6, 61 б.].

Қорытындылай келе, сауыт пен қорғаныс құралдары атауларының бірқатары түркі тілдерінде кірме сөз түрінде кездеседі.

Түрік жауынгерінің қорғаныс киімінің жиынтығы батырдың денесінің негізгі бөліктері жақсы қорғалатындай таңдалған.

Түркі тілдеріндегі қорғаныс киімінің атаулары өзара өзгеріп тұрған. Лексикалық ауысудың негізінде айтылған заттардың сыртқы пішіні, дайындалған материал мен мақсаты жатыр.

Қазақ тіліндегі қару-жарақ атауларының пайда болуы ерте кезеңдерден бастау алады. Қару-жарақ атаулары тіпті түркі халықтарына ортақ жазба ескерткіштерде кездескенге дейін түрлі фонетикалық варианттары қалыптасқан.

Қазақ тілінде кездескен қару-жарақ атауларының басқа түркі тілдерінде де қолданыста болуы, көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінде де кездесуі, бұл сөздердің жалпытүркілік лексиканың көне қабаттарына жататынын, қазіргі түркі халықтарының ата-бабалары жауынгерлік өнер мен әскери тактиканы жетік меңгергенін айғақтайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. - 216 б.
2. Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск, 1986.
3. «Памятник в честь Кюль-Тегина», большая надпись. С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. Москва, 1951.
4. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко- татарских наречий. Т. 1-П. СПб., 1869-1871.
5. 6. Ögel B. Türk kültürünün gelişme çağları. – İstanbul: TDAV yay.-1988. -788 s.
6. Сафаров Р.Т. Военная лексика татарского языка. – Казань, 2015. – 196 с.

Шартты қысқартулар:

ДТС – Древнетюркский словарь

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

УДК 398.5

ХІІІ-ХV ҒҒ. ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫНА КЕЛГЕН БАТЫС САЯХАТШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Мұқанов Әлішер Сайлаубекұлы

Alisher.mukan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасының 2 курс магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Шалдарбекова А.Б.